

## Бөрлі ауданы бойынша 2011 жылға арналған салық ставкаларын және біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 24-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 25 қаңтарда N 7-3-107 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 33-5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 27.12.2011 № 33-5**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы", Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес Бөрлі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жер салығының ставкалары 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандардың қызмет түрлерінің біржолғы талондардың құны 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.
3. Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны 3-қосымшаға сәйкес белгіленсін.
4. Тіркелген салықтың ставкалары 4-қосымшаға сәйкес белгіленсін.
5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқық қатынастарына таратылады.

*сессия хатшысы*

*И. Измагамбетов*

*Сессия төрағасы,*

**Ескерту. 1 қосымшаға өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2011.07.12 N 28-6 Шешімімен.**

### **Жер салығының ставкалары**

1. Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 387-бабы негізінде, елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары бір гектарға шаққанда, бонитет балына барабар Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 383-бабымен белгіленген базалық салық ставкасынан 50%-ға жоғарылатылсын.

2. Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 387-бабы негізінде, елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) салынатын базалық салық ставкалары (теңге) Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 381-бабында белгіленген базалық салық ставкасынан 30%-ға жоғарылатылсын.

3. Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 386 бабы негізінде, автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 381 бабында белгіленген елді мекендер жерлеріне базалық ставкалар бойынша салық салуға жататын базалық салық ставкалары он есе ұлғайтылсын, 43,40 теңгені құрайды.

### **Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандардың қызмет түрлерінің біржолғы талондардың құны**

	Қызмет түрлері (барлық базарларда)	Бір күндік төлемақы (теңгемен есептегенде)
1	Бір сауда орнынан сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):	



